

Р. А. ИСКЕНДИРОВА, А. КҮРЕСБЕК

(Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.)

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ
ЖҮЗІМ ШОҒЫ ЖАПЫРАҚ ШИРАТҚЫШЫНА
(LOBESIA BOTRANA DEN. EM. SCHIFF),
ХИМИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Аннотация

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында жүзімнің өнімділігін азайтатын зиянкес жүзім шоғы жапырақ ширатқышы (*Lobesia botrana* Den. Em. Schiff), болып есептеледі. Осыған орай зерттеу барысындағы негізгі мақсатымыз жүзім алқабында кездесетін жүзім шоғы жапырақ ширатқышына қарсы химиялық күрес шараларының тиімділігін анықтау. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесінде жүзім шоғы жапырақ ширатқышының дамуын қадағалап, өз мерзімінде өңдеудің дәлдік сапасы көрсетілді.

Кілт сөздер: жүзім шоғы жапырақ ширатқышы, жұлдызкұрттар, фенология, инсектицид, ұрпақ.

Ключевые слова: гроздевая листовертка винограда, гусеница, фенология, инсектицид, генерация.

Keywords: lobesia botrana, caterpillar, phenology, insecticide, generation.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянкестерден қорғау шараларының кешенінде басты орынды химиялық тәсіл алады. Оны қолдануда әртүрлі химиялық заттар – пестицидтер пайдаланылады.

Химиялық тәсілдің тиімділігі өте жоғары және ауыл шаруашылығы дақылдарының барлы-ғында дерлік оларды зақымдайтын зиянкестердің көпшілігіне қарсы қолдануға болады. Сонымен қатар бұл тәсіл өте жоғары өнімді келеді. Себебі оны жүзеге асыру үшін әртүрлі машиналар мен механизмдер кешені (бүріккіштер, тозандатқыштар, аэрозоль генераторлары, тұқым дәрілегіштер тағы басқалары) пайдаланылады. Көпшілік жағдайда егінді препараттармен баптау үшін авиация-ны қолданады.

Күрестің химиялық тәсілінің бір артықшылығы – өте көбейіп кеткен зиянкестерді құрту қажет-тігі туған жағдайда оны жылдам және тиімді түрде ұйымдастыруға болады.

Осы айтылғандардың бәрі өсімдік қорғаудың бұл тәсілінің тек елімізде ғана емес, сонымен қатар шетелдерде де өте көң тарауына себеп болды.

Химиялық күрес тәсілінің елеулі кемшіліктері де аз емес. Мысалы, оны жүзеге асыру үшін пестицидтерді, машиналарды, аппаратураларды қолдану белгілі бір қаражатты керек етеді. Көптеген пестицидтер тек зиянкестер үшін ғана емес, сонымен қоса пайдалы организмдер (энто-мофагтар), жылы қанды жануарлар және адам үшін де улы болады. Сондықтан зиянкестермен күресті жүргізгенде қауіпсіздік ережесінің талаптарын бұлжытпай орындау керек. Көпшілік пестицидтердің қолдану мерзіміне белгілі бір дәрежеде шек қойылады. Жүзімнен жақсы және жоғары сапалы өнім алу үшін қажетті факторлардың бірі – жүзімнің зиянкестері мен ауруларынан тиімді қорғау шаралары болып саналады.

В. И. Войняктың мәліметі бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғау шараларына экологиялық тұрғыдан қарағанда химиялық әдістің бүрку санын азайту үшін, зиянкестің эконо-микалық шегін бақылау арқылы өңдеу тиімді болып саналады [1].

Ғалымдарымыздың көпжылдық зерттеулері бойынша жүзім алқаптарындағы зиянкестерден күрделі күресу арқылы, ондағы пайдалы бунақденелердің түрі мен санын 2-3 есеге азайта аламыз [2]. Соның арқасында экосистемадағы буынаяқты фитофагтардың саны мен залалдануы көбейеді.

Қазіргі кездегі шет және ТМД елдеріндегі ең негізгі мақсат жүзім алқабындағы зиянкестерден қорғау болып саналады. Айналаның ластануы, пестицид қалдықтарының жиналуы, препаратқа зиянкестердің төзімділігі химиялық әдісті одан әрі қиындатады.

Бірнеше жылдар бойы, қазіргі кезге дейін, ТМД елдеріндегі көптеген ғалымдарымыз жүзім шоғы жапырақ ширатқышына қарсы кешенді күресу шараларын (Халилов, 1987; 1990; Набиев, 1987; Суровцев, 1980; Мамедова, 1982; Долидзе, 1983; Асриев, 1983; Сарская, 1985; Пархоменко, 1986) қарастырды [3].

Жүзім шоғы жапырақ ширатқышына қарсы кешенді күресу шараларын шет елдік ғалым-дардың ішінде мыналар қолданды: Францияда – Ж.Лафон және П.Куйо, (1959); Baillod M., (1987); Marselin Henri, (1985); Болгарияда – И.Георгиев, (1928); П.Начев, (1960); М.Дириманов және А.Харизанов, (1981, 1983); Теллиев және Т.Гешев, (1980); Германияда – С.Sengonsa (1987), Ита-лияда Russo Currieric (1985), ФРГ-да - А. Schropp (1985) [4].

Арменияда Ж.В.Казарян және Ж.А.Нагапетян (1990) зерттеулерінде жүзім шоғы жапырақ ши-ратқышының микробиологиялық әдістері туралы анықтама берілді. Осыған орай, жүзім шоғы жапырақ ширатқышына қарсы бірнеше химиялық препараттардың тиімділігін бағалау мақсатында егістік тәжірибелер қойылды [5].

Инсектицидтерден: Гюхарад 5% э.к. 0,3л/га; ровикурт, э.к. 25% 1,0 л/га, суми-альфа, э.к. 5% 0,6 л/га және децис, э.к. 2,5% 0,6 л/га; фунгицидтерден – скор 250 э.к. 0,4 л/га, ридомил гольд мц 2,6 л/га, топаз э.к.100- 0,5 л/га пайдаланылды.

Жүзім шаруашылығының Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының жүзім алқаптарында («Ақши», мен «Маловодный» ТОО «ЭкоАгроПродукт» жемәс-жүзім шоғы

жапырақ ширатқышы негізгі зиянкес ретінде саналады. Зерттеу жүргізілгенде мынадай препараттарға сынақ жүргізілді.

1 кесте – Жүзім шоғы жапырақ ширатқышына қарсы препараттардың тиімділігі
(«Маловодный» шаруа қожалығы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысы, 2012 жыл.

Алиготе сорты, егіс көлемі – 10 га)

Тәжірибе нұсқалары (препараттар, шығын мөлшері)	Жұлдызқұрттар, даралар саны		Биологиялық тиімділігі, %	Зақымдалған жидектер, %
	Өңдеуге дейін	Өңдегеннен кейін (7 күн)		
Ровикурт, э.к. 25% 1,0 л/га, + + ридомил голд мц 2,6 л/га,	69	6	91,3	2,0
Гюхарад, э.к. 5 %, 0,3л/га + + скор 250 э.к. 0,4 л/га	65	2	96,9	1,8
Суми-альфа, э.к. 5% 0,6 л/га + +топаз э.к.100- 0,4 л/га-эталон	67	10	85,1	6,9
Бақылау – дәріленбеген	66	80	–	21,2

Ең жақсы нәтиже Гюхарад, э.к. 5 %, препаратын пайдаланған кезде алынды (96,9%). Осыған жақынырақ нәтижені (91,3%) ровикуртты қолданған кезде алдық. Салыстырмалы түрде төменгі 85,1% көрсеткішті суми-альфа-эталон препараты көрсетті.

2 кесте – Жүзім шоғы жапырақ ширатқышымен күресу тәсілдерін сынау нәтижелері
(«Ақши» шаруа қожалығы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысы, 2012 жыл. Алиготе сорты)

Тәжірибе нұсқалары	Егіс	Жұлдызқұрттар, саны	Биологиял	Зақымдал
--------------------	------	---------------------	-----------	----------

(препараттар, шығын мөлшері)	көлемі, га	Өңдеуге дейін	Өңдегеннен кейін (7 күн)	Ық тиімділігі, %	ған жидектер, %
Гюхарад, э.к. 5 %, 0,3л/га + + скор 250 э.к. 0,4 л/га	2	74	7	90,5	2,8
Децис, э.к. 2,5% 0,5 л/га; + топаз э.к.100- 0,4 л/га	10	73	9	88,0	4,6
Суми-альфа, э.к. 5% 0,6 л/га + + топаз э.к.100- 0,4 л/га-эталон	10	77	15	80,5	7,9
Бақылау – дәріленбеген	10	72	83	-	43,3

Кестеде көрсетілгендей эталонды нұсқаларда шоғырлардың зақымдалуы – 7,9%, бақылау нұсқасында – 43,3%, ал ең жақсы нұсқада – Гюхарадта – 2,8% құрады.

2012 жылы өндірістік тәжірибелерде «Ақши» және «Маловодный» шаруа қожалықтарында химиялық өңдеулер феромонды тұзақтар мәліметтері бойынша жүргізілді, жидектердің зақымдалу дәрежесі 1,8–43,3 пайызды құрады.

Өсімдікті зиянкестерден интегралды қорғау барысында жоғары дәрежелі агротехника, зиян-кеске төзімді сорттарды енгізу мен биологиялық күрес шараларынан гөрі химиялық бүрку арқылы қорғаныс құралдарын пайдалану маңызы зор, әрі кеңінен танымал. Өзінің тиімділігімен сонымен қатар кеңінен қолданылатындығымен басқа әдістерден ұтымды екендігімен ерекшеленеді. Дүние жүзінде ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің тәжірибесі көрсеткендей интенсивті технологияға ауысқалы бері препараттарды шығару және қолдану мөлшері күннен күнге арта түсуде. Жүзім шоғы жапырақ ширатқышының зақымдауы кезінде агротехникалық күрес шаралары тиімсіз болғандықтан өнім шығыны көп, сондықтанда химиялық күрес шараларының алатын орны ерекше.

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында жүзімнің өнімділігін азайтатын зиянкес жүзім шоғы жапырақ ширатқышы болып есептеледі. Осыған орай зерттеу барысындағы негізгі мақсатымыздың бірі жүзім алқабында кездесетін жүзім шоғы жапырақ ширатқышына қарсы химиялық күрес шараларының тиімділігін анықтау.

3 кесте – жүзім шоғы жапырақ ширатқышы көбелегінің жұлдызқұрттарына қарсы қолданған

инсектицидтердің биологиялық тиімділіктері (Алматы облысы Енбекшіқазақ ауданы, 2012 ж.)

№	Инсектицидтер	Пайдалану мөлшері, л/га	Өңделгеннен кейінгі 1 м, ш.м., жұлдызқұрттар саны		Өңделгеннен кейінгі жұлдызқұрттар санының төмендегені,%		Алынған өнім, ц/га
			7	14	7	14	
1	Бақылау-дәріленбеген	0	7,9	7,9	//-//	//-//	15,9
2	Суми-альфа, э.к. 5% – эталон	0,6	1,9	0,5	75,9	93,7	22,0
3	Ровикурт, э.к. 25%	2,5	1,5	0,3	81,0	96,2	24,9
4	Гюхарад, э.к. 5 %	0,3	1,1	0,2	86,1	97,5	28,4

Енбекшіқазақ ауданы шаруа қожалықтары жүзім алқабындағы жүзім жапырақ ширатқыш көбелегі жұлдызқұрттарына қарсы ровикурт 25 к.э. (2,5 л/га), суми-альфа, э.к. 5%-эталон (0,6 л/га) және гюхарад, э.к. 5 %, 0,3 л/га қолданғанда олардың биологиялық тиімділіктері өңдеуден 7 күн өткен соң 75,9–86,1 % ал 14 күн өткен соң 93,7–97,5 % болды. Жүзім жапырақ ширатқыш көбелегінің жұлдызқұрттарын бүркуде ең жоғарғы көрсеткішті гюхарад, э.к. 5 %, 0,3 л/га қолданғанда байқалды.

ӘДЕБИЕТ

1 Искендинова Р.А. Защита виноградников от гроздовой листовертки на юго-востоке Казахстана // Вестник сель-скохозяйственной науки Казахстана. – Алматы, 1990. – С. 54-56.

2 Козарь И.М. Рекомендации по защите виноградников от болезней и вредителей. – Одесса, 2004. – 49 с.

3 Халилов Б.Б., Хамалов Г.И. Вредители виноградников в Азербайджанской ССР. – 1990. – С. 10-18.

4 Schmidt K., Hoppmann D., Holst H., Berkelmann-Lohnertz B. Identifying weather-related covariates controlling grape berry moth dynamics // Bull. OEPP. – 2003. – Vol. 33. – P. 517-524. (in Russ)

5 Чичинадзе Ж.А., Якушина Н.А., Скориков А.С., Странишевская Е.П. Гыренкова Я.Э. Методические рекомендации по снижению пестицидной нагрузки при защите виноградников от вредителей и болезней. – Ялта, 1996. – 37 с.

REFERENCES

- 1 Iskenderova R.A. Protection of vineyards from grozdevoy leaf in the south-east of Kazakhstan / Bulletin of Agricultural Science of Kazakhstan. Almaty, 1990. P. 54-56.
- 2 Kozar I.M. Guidelines for the Protection of vineyards from disease and pests. Odessa, 2004. 49 с.
- 3 Khalilov B.B., Hamal G.I. Pests in the vineyards of the Azerbaijan Soviet Union. 1990. P. 10-18.
- 4 Schmidt K., Hoppmann D., Holst H., Berkelmann-Lohnertz B. Identifying weather-related covariates controlling grape berry moth dynamics. / Bull. OEPP. 2003. Vol. 33. P. 517-524. (in Russ)
- 5 Chichinadze J.A., Yakushina N.A., Skorikov A.S., Stranishevskaya E.P. Gyrenkova J.E. Guidelines to reduce the pesticide load in protecting vineyards from pests and disease-yaalta, 1996. 37 s.

Резюме

Р. А. Искендилова, А. Күресбек

(Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы)

Эффективность химической защиты от гроздовой листовертки винограда в юго-восточных районах Казахстана

(*Lobesia botrana* Den. Em. Schiff), химиялық қорғау шараларының тиімділігі

В статье рассмотрены химические обработки против гроздовой листовертки винограда (*Lobesia botrana* Den. et. Schiff.).

Ключевые слова: гроздевая листовертка винограда, гусеница, фенология, инсектицид, генерация.

Summary

R. A. Iskandirova, A. Kuresbek

(Kazakh National Agrarian University, Almaty)

**Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы жүзім шоғы жапырақ ширатқышына
(*Lobesia botrana* Den. Em. Schiff), химиялық қорғау шараларының тиімділігі**

The article reviews the chemical treatments against grozdevoy grape leaf (*Lobesia botrana* Den. Et. Schiff.).

Keywords: lobesia botraha, caterpillar, phenology, insecticide, generation.

Поступила 14.06.2013 г.